

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 қазандағы № 583 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы

2015 жылғы 16 қазанда Бурабайда жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастығы туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Бейресми аударма

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастығы туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттер, төтенше жағдайлардан болатын қауіпті сезіне отырып, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің әл-ауқатын арттыруға және қауіпсіздігін нығайтуға ықпал ететіндігін мойындай отырып,

Тараптардың бірінің күштерімен және құралдарымен жою мүмкін емес төтенше жағдайлардың туындау мүмкіндігін, сондай-ақ осыдан туындайтын Тараптардың үйлестірілген іс-қимылдарының қажеттілігін назарға ала отырып,

қабылданған көпжақты және екіжақты шарттарды іске асыру шеңберінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастықтың көпжылдық оң тәжірибесін жоғары бағалай отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын одан әрі дамыту Тұжырымдамасын
б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ;

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Пайдаланылатын терминдер

Осы Келісім мақсаттары үшін мынадай терминдер пайдаланылады:

сұрау салушы Тарап - төтенше жағдайлардың алдын алуда және/немесе оларды жоюда оған көмек көрсету туралы сұрау сала отырып, жүгінетін Тарап;

сұрау салынатын Тарап - төтенше жағдайлардың алдын алуға және/немесе оларды жоюға көмек көрсету туралы сұрау салумен жүгінетін Тарап;

ұсынушы Тарап - сұрау салушы Тараптың сұрау салуы бойынша көмек көрсететін
Т а р а п ;

құзыретті орган - төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жоюға және осы Келісімнің іске асырылуына ұлттық заңнамаға сәйкес жауапты Тарап органы;

үйлестіруші орган - 1993 жылғы 22 қаңтардағы Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарының алдын алу және оларды жою саласындағы өзара іс-қимыл туралы келісімнің 9-бабына сәйкес құрылған Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекетаралық кеңес;

төтенше жағдай - адам шығынына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға залал келтіруге, елеулі материалдық нұқсанға және адамдардың тыныс-тіршілігі жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан аварияның, қауіпті табиғи құбылыстың, дүлей немесе өзге де зілзаланың салдарынан қалыптасқан белгілі
б і р а у м а қ т а ғы ж а ғ д а й ;

төтенше жағдайлардың алдын алу - күні бұрын жүргізілетін және төтенше жағдайлардың туындау тәуекелін мүмкіндігінше барынша азайтуға, сондай-ақ адамдардың денсаулығын сақтауға, олар туындаған жағдайда қоршаған ортаға келтірілген зиянның және материалдық нұқсанның мөлшерін азайтуға бағытталған
і с - ш а р а л а р к е ш е н і ;

төтенше жағдайларды жою - төтенше жағдайлар кезінде жүргізілетін авариялық-құтқару және басқа да жұмыс түрлері;
авариялық-құтқару және басқа да жұмыс түрлері - адамдардың өмірін құтқаруға

және денсаулығын сақтауға, тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін қалпына келтіруге, қоршаған ортаға келетін зиянның және материалдық шығындардың мөлшерін азайтуға, сондай-ақ төтенше жағдайлар аймақтарын оқшаулауға бағытталған іс-қимылдар;

көмек көрсету жөніндегі құралым - төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою сапасында көмек көрсетуге арналған ұсынушы Тараптың құзыретті органы жіберген, қажетті жарақпен қамтамасыз етілген мамандар тобы (немесе топтары);

жарақтар - төтенше жағдайдың алдын алуға және оны жоюға арналған мүлік, көмек көрсету жөніндегі құралым материалдары, техникалық және көліктік құралдары, жарақтар мен жабдығы, құралым мүшелерінің жеке жарағы, байланыс құралдары, дәрі-дәрмектер, медициналық жабдық және басқа да қажетті мүлік, сондай-ақ иіспен і з д е й т і н и т т е р ;

қамтамасыз ету материалдары - төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен халықтың арасында бөліп беруге арналған материалдық құралдар;

транзит мемлекеті - аумағы арқылы көмек көрсету жөніндегі құралым өтетін, жарақтар мен қамтамасыз ету материалдары өткізілетін Тарап.

2-бап

Ынтымақтастық қағидаттары

1. Тараптардың төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастығының құқықтық негізін халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған қағидаттары мен нормалары, халықаралық міндеттемелер мен Тараптардың заңнамасы, с о н д а й - а қ о с ы К е л і с і м құ р а й д ы .

2. Тараптардың бірінің аумағында төтенше жағдай туындаған немесе оның туындау қаупі пайда болған жағдайда бұл Тарап екінші Тарапқа немесе Тараптарға көмек көрсету туралы сұрау салумен жүгіне алады.

3. Тараптар өз мүмкіндіктеріне сәйкес және ерікті негізде бір-біріне көмек көрсетеді . Көмек көрсету шарттары сұрау салушы және ұсынушы Тараптардың уағдаластығы бойынша әрбір нақты жағдайда айқындалады.

3-бап

Ынтымақтастықтың негізгі нысандары

Тараптар ынтымақтастықты мынадай негізгі нысандарда жүзеге асырады:
төтенше жағдайлар туралы өзара құлақтандыру;
төтенше жағдайларды болжау және олардың мониторингі;
төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-шараларды ж о с п а р л а у ж ә н е жү р г і з у ;
халықты төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарға дайындауды ұйымдастыру жөнінде т ә ж і р и б е а л м а с у ;

төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою туралы ақпаратпен, мерзімді басылымдармен, әдістемелік және басқа да әдебиетпен, бейне- және фотоматериалдармен алмасу;

бірлескен конференциялар, семинарлар, жұмыс жиналыстарын, оқу-жаттығулар, жаттығулар және мамандандырылған көрмелер ұйымдастыру; мамандарды шарт негізінде даярлау, тағылымдамашылармен, оқытушылармен, ғалымдармен және мамандармен алмасу;

Тараптардың құзыретті органдарымен келісілетін, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы басқа да қызметті жүзеге асыру.

4-бап

Құзыретті органдар

1. Тараптар осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы хабарламамен бір мезгілде осы Келісімнің депозитарийіне құзыретті органдар туралы хабарлайды.

2. Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімді іске асыру барысында тікелей байланыстар орнатады.

Тараптардың құзыретті органдары жыл сайын бірінші тоқсанда осы Келісім шеңберіндегі байланыстар және жүзеге асырылған қызмет туралы үйлестіруші органға хабарлайды.

3. Басқа құзыретті органдарды, олардың функцияларының немесе атауларының өзгерістерін айқындаған жағдайда Тараптар тиісті шешім қабылданған күннен бастап 30 күн ішінде бұл туралы депозитарийге хабарлайды, ол бұл ақпаратты Тараптардың әрқайсысына жеткізеді.

5-бап

Көмек ұсыну туралы сұрау салулар

1. Көмек жазбаша сұрау салу негізінде көрсетіледі, онда төтенше жағдайлардың орны, уақыты, сипаты, ауқымы және ағымдағы кездегі ахуалы, сондай-ақ сұратылатын көмектің басымдығы көрсетіледі.

Төтенше жағдай аймағындағы соңғы оқиғалар мен жедел ахуалдың өзгерістерін көрсету үшін сұрау салушы Тарап ақпаратты ұдайы жаңартып отырады.

2. Сұрау салынатын Тарап сұрау салушы Тараптың өтінішін қысқа мерзімде қарайды және оған көмек берудің түрлері мен көлемі, сондай-ақ шарттары туралы хабарлайды. Көмек көрсетуге мүмкіндік болмаған жағдайда бұл туралы сұрау салушы Тарапқа дереу ақпарат жібереді.

3. Тараптардың әрқайсысы өзінің аумағында туындаған төтенше жағдайдың басқа Тараптардың аумақтарына таралып кетуін болғызбау үшін барлық қажетті шараларды

қабылдайды. Осындай таралу қаупі туындаған және аумағында төтенше жағдай туындаған Тараптың өз күштерімен оны болғызбау мүмкіндігі болмаған жағдайда, бұл туралы басқа мүдделі Тараптарға хабарлайды.

6-бап

Көмек көрсету жөніндегі құралымның қызметін басқару

1. Көмек көрсету жөніндегі құралымға жалпы басшылық жасауды сұрау салушы Тараптың құзыретті органы осы құралым басшысы арқылы жүзеге асырады.

2. Сұрау салушы Тарап көмек көрсету жөніндегі құралым басшысына төтенше жағдай аймағындағы нақты жұмыс учаскелерінде қалыптасқан ахуал туралы хабарлайды және қажет болған кезде көмек көрсету жөніндегі құралымды өтеусіз негізде аудармашылармен, байланыс құралдарымен, көлікпен, күзетпен қамтамасыз етеді және медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырады.

3. Көмек көрсету жөніндегі құралымды жарактандыру кемінде 72 сағат бойы төтенше жағдай аймағында дербес авариялық-құтқару және жұмыстардың басқа да түрлерін жүргізу үшін жеткілікті болуға тиіс. Егер Тараптар өзгеше қосымша келіспесе, қорлар біткеннен кейін сұрау салушы Тарап көмек көрсету жөніндегі құралымды жұмысын жалғастыру үшін қажетті құралдармен қамтамасыз етеді.

4. Жұмыстар аяқталғаннан кейін көмек көрсету жөніндегі құралым басшысы сұрау салушы Тараптың құзыретті органына төтенше жағдайды жоюға бағытталған өз құралымының іс-қимылдары және жұмыс нәтижелері туралы есеп береді.

7-бап

Көмек көрсету жөніндегі құралымның мемлекеттік шекараны кесіп өту шарттары

1. Көмек көрсету жөніндегі құралым мүшелері сұрау салушы Тараптың мемлекеттік шекарасын халықаралық қатынас үшін ашық, Тараптармен келісілген өткізу пункттері арқылы мемлекеттік шекараны кесіп өтуге рұқсат беретін және сұрау салушы Тарап осы ретінде мойындайтын қолданыстағы құжаттар бойынша кесіп өтеді. Көмек көрсету жөніндегі құралым басшысында көмек көрсету жөніндегі құралым мүшелерінің тізімі және ұсынушы Тараптың құзыретті органы берген, оның өкілеттіктерін растайтын құ ж а т б о л у ғ а т и і с .

2. Сұрау салушы Тараптың және транзит мемлекетінің мемлекеттік шекарасын кинологиялық топтардың кесіп өту тәртібі және олардың сұрау салушы Тарап және транзит мемлекетінің аумақтарында болу тәртібі Сұрау салушы Тарап және транзит мемлекетінің аумақтарында қолданылатын карантиндік қағидаларға сәйкес а й қ ы н д а л а д ы .

3. Көмек көрсету жөніндегі құралымның орын ауыстыруы және олардың жарақтары мен қамтамасыз ету материалдарын тасымалдау автомобиль, теміржол, су немесе әуе көлігімен жүзеге асырылады.

4. Көмек көрсету жөніндегі құралымның, жарақтар мен қамтамасыз ету материалдарының орнын ауыстыру үшін көлікті пайдалану тәртібін ұсынушы және сұрау салушы Тараптардың құзыретті органдары айқындайды.

8-бап

Жарақтар мен қамтамасыз ету материалдарын әкелу, әкету және олардың транзиті

1. Тараптардың мемлекеттік (кедендік) шекаралары арқылы жарақтар мен қамтамасыз ету материалдарының орнын ауыстыру, оның ішінде Тараптар аумағы арқылы транзитпен орнын ауыстыру Тараптар тарифтік емес реттеу шараларын үйлестіруді жүргізген жағдайда, сондай-ақ егер кеден органдарына ұсынушы тараптың құзыретті органы көрсетілген жарақтар мен қамтамасыз ету материалдары төтенше жағдайлардың алдын алу және/немесе оларды жою және көмек көрсету жөніндегі құралымның тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мақсатында орнын ауыстыратындығын растай отырып, жарақтар мен материалдардың куәландырған тізбесін ұсынса, кедендік баждар, алымдар, салықтар төленбей, сондай-ақ осындай төлемдер қамтамасыз етілмей және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай бірінші кезектегі (басым) тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Жарақтар мен қамтамасыз ету материалдарын кедендік ресімдеу бірінші кезектегі (басым) тәртіппен жүргізіледі. Кедендік декларация ретінде осы баптың 1-тармағында көрсетілген тізбені кеден органына ұсынған жағдайда көліктік (тасымалдау), коммерциялық және/немесе өзге де құжаттар пайдаланылуы мүмкін.

3. Көмек көрсету жөніндегі құралымға осы баптың 1-тармағында айтылған тізбеде көрсетілген жарақтар мен қамтамасыз ету материалдарын ғана сұрау салушы Тарап аумағына әкелуге және транзит мемлекеттерінің аумағы арқылы транзитпен орын ауыстыруға рұқсат беріледі. Бұл ретте көмек көрсету жөніндегі құралым мүшелерінің жеке пайдалануға арналған тауарларды Тараптардың заңнамасына сәйкес әкелуіне және транзит мемлекеттерінің аумағы арқылы транзитпен орын ауыстыруына болады.

4. Авариялық-құтқару және жұмыстардың басқа да түрлері аяқталғаннан кейін сұрау салушы Тарап аумағына әкелінген жарақтар мен қамтамасыз ету материалдары (толық пайдаланылғандарды, жойылғандарды және төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен халыққа тегін ұсынылғандарды қоспағанда) Тараптардың құзыретті органдарымен келісілген мерзімде кері әкетуге не олар аумағында жатқан Тараптың заңнамасына сәйкес кедендік декларациялауға және кедендік баждар, алымдар, салықтар төлене отырып, шығарылуға жатады.

Қамтамасыз ету материалдарын жою немесе толық пайдалану және төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен халық арасында бөлу фактісін сұрау салушы Тараптың құзыретті органы құжатпен растауға тиіс.

5. Көмек көрсету жөніндегі құралым жарақтарының құрамына кіретін әуе кемелері аэронавигациялық, әуежай және басқа да алым түрлерінен (төлемдерден) босатылады.

9-бап

Транзит

1. Тараптар өз заңнамасына сәйкес сұрау салушы Тараптың аумағына төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою үшін бара жатқан ұсынушы Тараптың көмек көрсету жөніндегі құралымының жарақтары мен қамтамасыз ету материалдарын өз аумақтары арқылы кедергісіз транзиттеуге ықпал етеді.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері үшінші мемлекеттердің аумақтарында төтенше жағдайларды жою үшін бара жатқан көмек көрсету жөніндегі құралымды жарақтар мен қамтамасыз ету материалдарын өздерінің аумақтары арқылы транзиттеуге қатысты әрбір нақты жағдайда мүдделі Тараптардың келісуі бойынша қолданылады.

10-бап

Зиянды өтеу

1. Сұрау салушы Тарап көмек көрсету жөніндегі құралым мүшелерінің жарақат алуына немесе қаза болуына байланысты, егер бұл төтенше жағдайлардың алдын алу және/немесе оларды жою кезінде көмек көрсету жөніндегі міндеттерді орындау кезінде болса, көліктік шығыстары мен медициналық көмек көрсету шығыстарын мойнына а л а д ы .

2. Егер көмек көрсету жөніндегі құралым мүшесі төтенше жағдайларды жоюға байланысты міндеттерді орындау кезінде сұрау салушы Тарап аумағында заңды немесе жеке тұлғаға зиян келтірсе, онда сұрау салушы Тарап залалды өз заңнамасына сәйкес ө т е й д і .

3. Көмек көрсету жөніндегі құралым мүшесінің қасақана келтірген зияны сұрау салушы Тараптың заңнамасына сәйкес өтелуге жатады.

11-бап

Қызметті үйлестіру

Осы Келісімді іске асыру шеңберінде Тараптардың құзыретті органдарының қызметін үйлестіру және жедел өзара іс-қимылын ұйымдастыру Табиғи және

техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекетаралық кеңеске жүктеледі.

12-бап

Басқа да халықаралық шарттарға қатысы

Осы Келісім өзі қатысушы болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан ол үшін туындайтын Тараптардың әрқайсысының құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

13-бап

Күшіне ену

1. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші жазбаша хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

2. Мемлекетішілік рәсімдерді кейіннен орындаған Тараптар үшін осы Келісім тиісті құжаттарды депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

3. Осы Келісім күшіне енген күннен бастап 1993 жылғы 22 қаңтардағы Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарының алдын алу және оларды жою саласындағы өзара іс-қимыл туралы келісімнің 1-8-баптары осы Келісімге қатысушылар болып табылатын Тараптар арасындағы қарым-қатынастарда қолданысын тоқтатады.

14-бап

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Тараптардың келісуі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің 13-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін тиісті хаттамамен ресімделеді.

15-бап

Қосылу

1. Осы Келісім күшіне енгеннен кейін қосылу туралы құжатты депозитарийге беру арқылы кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық.

2. ТМД-ға қатысушы мемлекет үшін осы Келісім қосылу туралы құжатты депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

3. ТМД-ға қатысушы болып табылмайтын мемлекет үшін осы Келісім оған қол қойған немесе қосылған мемлекеттердің мұндай қосылуға келісімі туралы соңғы хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

16-бап

Дауларды шешу

Осы Келісімді қолдану және түсіндіру кезінде Тараптар арасында туындайтын даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялары және келіссөздері арқылы шешіледі.

17-бап

Ескертпелер

Осы Келісімге ескертпелер беруге жол берілмейді.

18-бап

Қолданылу мерзімі

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы өзінің ниеті туралы жазбаша хабарламаны шыққанға дейінгі 6 айдан кешіктірмей депозитарийге жолдай және Келісімнің қолданылу мерзімі кезінде туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерді реттей отырып, осы Келісімнен шығуға құқылы.

2015 жылғы 16 қазанда Бурабай кентінде (Қазақстан Республикасы) орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған мемлекеттің әрқайсысына оның расталған көшірмесін жібереді.

<i>Әзербайжан Республикасы үшін</i>	<i>Ресей Федерациясы үшін</i>
<i>Армения Республикасы үшін</i>	<i>Тәжікстан Республикасы үшін</i>
<i>Беларусь Республикасы үшін</i>	<i>Түрікменстан үшін</i>
<i>Қазақстан Республикасы үшін</i>	<i>Өзбекстан Республикасы үшін</i>
<i>Қырғыз Республикасы үшін</i>	<i>Украина үшін</i>
<i>Молдова Республикасы үшін</i>	